



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 2 шілде

### 2018 жылғы 1-ші тоқсандағы Қазақстанның сыртқы борышындағы өзгерістер туралы

2018 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша **Қазақстан Республикасының сыртқы борышы** 166,6 млрд АҚШ доллары, ал сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 102,2% (жыл басынан бастап 2,8 %-ға жақсарып) болды.

Сыртқы борыш құрылымында 63%-ды бұрынғысынша фирмааралық берешек, 26% байланысты емес кредиторлар алдындағы «Басқа секторлардың» сыртқы борышы, 8% мемлекеттік сыртқы борыш (Үкімет пен Ұлттық Банк), 4% - «Банктер» секторының сыртқы міндеттемелері (ЕДБ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ).

2018 жылғы 1-ші тоқсанда елдің сыртқы борышы 0,8 млрд АҚШ долларына қысқарды.

Азаю негізінен Қытайдың мемлекеттік және қаржылық ұйымдарынан тартылған сыртқы қарыздарды өтеуге, сондай-ақ Қазақстандық эмитенттердің борыштық бағалы қағаздарының нарықтық құнының төмендеуіне және соның салдарынан оларға сұраныстың құлдырауына байланысты болды.

Бейрезиденттердің қолдарындағы көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құраған Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары кезең ішінде 3 еседен астам ұлғайып, ерекшеленді.

Талдамалық мақсатта сыртқы борыш құрылымында 2018 жылғы 1 сәуірде 27,1 млрд АҚШ доллары болған **мемлекет бақылайтын ұйымдардың сыртқы борышы** (банктер мен мемлекеттік сектор капиталына 50%-дан астам тікелей немесе жанама қатысатын ұйымдар) жеке көрінеді. 2018 жылғы 1-тоқсанда 0,3 млрд АҚШ долларына азаю шетелдік еншілес ұйымдардан алынатын сыртқы қарыздарды игеруді жалғастыру Қытай банктері алдындағы кредиттерді мерзімінен бұрын өтеумен, сондай-ақ квазимемлекеттік эмитенттердің еурооблигацияларының нарықтық құнының төмендеуімен теңестіру есебінен болды.

**Қазақстан Республикасының таза сыртқы борышы** 2018 жылғы 1-тоқсанда 0,3 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 46,0 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте мемлекеттік сектор және «Банктер» қалған әлемге қатысы бойынша таза кредиторлар болды, ал «Басқа секторлар» таза қарыз алушылар болып табылады.

*Анықтама үшін:*

*Фирмааралық берешек тікелей инвесторлар, еншілес және тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелерді білдіреді және оның 64%-ы 2018 жылғы 1-тоқсанның соңында Қазақстан аумағында ірі мұнай газ жобаларын іске асыратын шетел компаниялары филиалдарының сыртқы борышынан тұрады.*

*Таза сыртқы борыш борыштық құралдар бойынша сыртқы активтерді шегере отырып, борыштық құралдар (сыртқы борыш) бойынша сыртқы міндеттемелерді білдіреді. Борыштық құралдарға несиелер мен қарыздар, сауда кредиттері мен аванстар, қолма-қол валюта мен депозиттер, қарыз алудың арнайы құқықтары және басқа да талаптар/міндеттемелер жатады.*

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)